

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының
төрағасы
Ж.Қ.Асановқа

Қызылорда облыстық
сотының төрағасы
Қ.Ж.Нұрышевқа

Мен, Бекмұрзаева Башира осы хат арқылы Сіздерге және менің ұлым Елеу Жаңабекке қатысты Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы А.А.Сабыровмен әділ шешім, ақтау үкімі шығарылып, заңның үстемдігіне көзім жетуіне байланысты, шын жүректен аналық алғысымды білдіруді шештім.

Бұл хатты жазуға балам Жаңабекке жала жабылып, аяқ астынан болған оқиға мен оның барлығымыз бірнеше айдан бері зардабын тартқанымыз себеп болды.

2018 жылдың қараша айында балам Жаңабек қамауға алынды, шамамен төрт айдай тергеу жүргізілді. Жаңабектің қылмыс жасамағанына көзім жеткендіктен және олардың жанұясындағы сол күні болған ерегісті өзім де көргендіктен, менде баламның қорғаушысы болдым.

Сонымен қатар, кәсіби қорғаушының көмегіне жүгініп, қалалық, облыстық полиция, прокуратура органдарына бірнеше рет шағымдандық, мекемелердің табалдырықтарын тоздырдық.

Бірақ, ешқандай нәтиже болмады. Шағымдарымыздың барлығына қаралып жатыр, жауабы қосымша хабарланады деген жауаптар алумен шектелдік.

Тіпті, келінім Фариза екі рет қарсы арыз жазып, онда Жаңабектің қылмыс жасамағанын көрсеткеніне қарамастан, ешкім құлақ асқан жоқ.

Тергеу органы Жаңабекті айыптап, оны прокуратура қолдап, қылмыстық іс сотқа жолдағанда, біздің еліміздің заңында әділдік жоқ екен деген реніш пайда болды.

Бірақ, әлі сот болатыны және ол әділ шешім қабылдау мүмкіндігі менің әлі де болса үмітімді үзбеді.

Осы үмітіме сотта шынымен көзім жетті.

Қазақстан Республикасының		
Жоғарғы Соты		
29»	05	2019 ж.
Іс № 2254		Бет 3

1015

Қылмыстық істі қараған сот А.А.Сабыров барлық кезде тиянақты, барлық мән-жайларды және барлығының уәждерін ескерді.

Себебі, тергеушімен жүргізілген тергеу кезінде балам Жаңабектің, келінім Фаризаның, қорғаушымыздың шағымдары мен уәждері ешқашан басшылыққа алынған жоқ.

Мен өмірімде сотқа бірінші рет қатысқандықтан, сотта сот тергеуі қайтадан болатынын білген жоқпын.

Бірақ, сотпен сот тергеуі сапалы, толық жүргізіліп, біздің тергеу кезінде ескерілмеген уәждеріміздің барлығы тексеріліп, басшылыққа алынды.

Ең бастысы, сарапшылар, мамандар, педагогтар, басқа куәлардың барлығы, тіпті тергеушілерде сотқа түгел шақыртылып, олардың әрқайсына қатысты нақты жауаптар алынды.

Осыдан кейін ғана шындықтың беті ашылды. Келінім Фаризаға арызды қысыммен жаздырғандықтан және мазмұнының жартысын полиция қызметкерлері өздері жазғандықтан, оны жыртып тастап, орнына компьютерге басқасын жазып, ол аудармасы деп алдап, қол қойдырғаны анықталды.

Себебі, ол арызды келінім Фаризаға полиция қызметкерлері ұрысып, айқайлап, қысым жасап жаздырып жатқанын өзімде көрген болатынымын.

Оқиға бойынша қысқаша төмендегі жағдайды жеткізім келеді.

Күйеуім Нағашыбай өмірден өткен соң, әкесіз қалған Жаңабекті және басқа балаларымды қолымнан келгенше өзім бағып өсірдім.

Кеңес заманы кезінде халықпен бірге өмір бойы жұмыс істедім, балаларымды қатарынан қалдырмай жетілдірдім.

Барлық балаларым оқып, мамандықтар алып, әрқайсысы жанұя құрып, өз беттерінше өмір сүруде.

Балам Жаңабек жастайынан еңбектеніп, құрылыс саласының мамандықтарын игерген. Құрылыс жұмыстарының барлығын өзі жасай береді. Көп жылдардан бері бригада құрып, жұмыстар атқарады.

Жаңабек үйленіп, бірақ, бірінші әйелі қайтыс болғасын екі баласымен қалды. Тағдыры оны үш баласы бар Фаризамен кездестіріп, екеуі үйленіп, оларда ортақ некеден тағы екі бала туылды.

Сөйтіп, Жаңабек пен Фариза барлығы жеті баланы өсіріп жүрді. Жоғарыда айтқанымдай, Жаңабек құрылыс жұмыстарының ұстасы болғандықтан, үнемі жалдамалы жұмыс істеп, табыс тауып, жеті баланы асырап жүрді. Тасбөгет кентінен өткен жылы «временка» үй салып алды.

Дегенмен, келінім Фариза екеуінің арасында соңғы кездері ұрыс керіс, ерегіс болып жүрді. Оған негізінен Фаризаның үлкен ұлы Дархан себеп болған. Ол Жаңабектің айтқанын ақылын тыңдамай, қарсылық көрсететін.

Жаңабек Фаризамен әрі қарай бірге жанұя болып тұратынын немесе тұрмайтынын соңғы кезде көп ойланып шеше алмай жүрген

болатын. Ал, Фариза одан ажыраспаймын, «егер ажырассаң, мен саған көрсетем, мен барлығын ойластырып қойдым»-деп, қорқытып жүретін.

Осындай, жанұялық ерегістің кезінде Жаңабекке бірнеше жыл бұрын Ақеркеге азғындық жасаған деген нақақтан нақақ жала жабылып, полиция шақыртылып, ешқандай тергеу тексерусіз ол сол күні қамауға алынып, қылмыстық іс басталып кетті.

Келінім Фариза, қызы Ақерке жалған айтқандары туралы арыз жазғандарына қарамастан, іс тоқтаған жоқ.

Оның тоқтамағанын мен кейін түсіндім. Себебі, балам Жаңабек сол күні бірден қамалғандықтан және ол шығарылған жағдайда тергеуші мен прокурордың жұмысына үлкен сын болатындықтан, біздің уәждеріміз ескерілмеген.

Жаңабектің кінәсіздігі сотпен ғана дәлелденіп, ол жауаптылықтан босатылды.

Сөйтіп, әділеттілік салтанат құрды.

Сондықтан, осындай әділ шешімнен кейін мен сияқты қарапайым адамның сотқа деген сенімі артты.

Мен, өмірімде соттың жұмысымен бірінші рет кездесіп отырғандықтан, сот жұмысының мемлекет атынан шешім шығару құзырымен қатар, оның жауапкершілігінің жоғары екенін түсіндім.

Сондықтан, балам Елеу Жаңабектің қылмыстық ісінің ақ қарасын шешіп, құқығын қорғап, әділ шешім шығарған Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы А.А.Сабыровқа шын жүректен алғысымды білдіремін және қызметіне абырой мен табыс тілеймін.

Алғыс білдіруші
Бекмұрзаева Башира

